


Бекітемін  
Қазақстан Республикасы Төтенше  
жағдайлар министрі  
  
В.Божко  
2014 жылғы «\_\_» ақпан

**Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің  
Материалдық құндылықтарды жұмылдыру резервінен шығару  
(жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік  
комиссияның жұмыс регламенті**

1. Материалдық құндылықтарды жұмылдыру резервінен шығару (жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия (бұдан әрі – тендерлік комиссия) Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрінің 2011 жылғы 5 мамырдағы №186 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервінен материалдық құндылықтарды шығару (жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) тендерін дайындау және өткізу ережесіне (бұдан әрі – Ереже) сәйкес өз жұмысын атқарады.

2. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 6 ақпандағы № 40 бұйрығына сәйкес жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару тендерінің ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резерв комитеті болып табылады.

3. Тендерлік комиссия құрамына төраға, төраға орынбасары және тендерлік комиссия мүшелері кіреді.

Тендерлік комиссия төрағасының болмаған кезінде оның міндеттерін төрағаның орынбасары атқарады.


4. Тендерлік комиссия мүшелері санының үштен екісінен кем емес қатысушы және төрағасы немесе оны ауыстыратын тұлға қатысқан жағдайда ғана комиссия отырысы заңды болып есептеледі

5. Тендерге қатысу туралы өтінім болған жағдайда тендер 2014 жылғы наурыз-желтоқсан аралығында әрбір бейсенбі күні сағат 11.00-де өткізіледі.

6. Тендерлік комиссияның хатшысы өтінімдер бар екендігін әр сәрсенбі сайын сағат 18.30-ға дейін тендерлік комиссия мүшелеріне хабарлайды.

7. Тендерге қатысу туралы өтінім тендер болатын уақытқа дейін тендерлік комиссия төрағасының сейфінде мөрленген конвертте сақталады және тендерлік комиссия отырысында ашылады.

8. Хатшы тендерлік өтінімдерді қарау нәтижесі туралы жазбаша хабарландыруды дайындап, үміткерлерге факс, пошта, электрондық пошта арқылы сканерден өткен пұсқа түрінде тендер өткен күннен бастап 1(бір) тәулік ішінде жолдайды немесе үміткер хабарламаны қолма-қол алуына болады.



9. Тендерлік комиссия отырысының хаттамасын тендер өткен күні хатшы дайындайды және тендер мүшелері қол қояды, және де [www.emer.gov.kz](http://www.emer.gov.kz) сайтының «Мемлекеттік сатып алулар» бөлімінің «Материалдық құндылықтарды жұмылдыру резервінен шығару тендері» бөлімшесінде және [www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz) сайтында орналастырылады.


10. Тараптардың материалдық құндылықтарды мемлекеттік материалдық резервтен шығару шарттарын дайындауы және қол қоюы тендерлік комиссияның хаттамалық шешімі негізінде жүзеге асады.

11. Тендерлік комиссия отырысы аудио – видео жазбаларымен қоса жүреді.

**Комиссия төрағасының орынбасары:**


А.Т. Қалдырбеков 


**Комиссия мүшелері:**

Б.Қ. Ахметов 

С.К. Сабырбаева 

М.Б. Мағұлов 

Т.Р. Кирибаев 

Т.Т. Саргаев 

**Комиссия хатшысы:**

И.Ж. Бакова